

Күз

Серуен №1

Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау

Мақсаты:

Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;
әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.

Бақылау барысы

Жұмбақ жасыру

Ақ киімді біреуі,
Сары киімді біреуі,
Көк киімді біреуі,
Әлем, жәлем киімі,

Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)

Жұмбақта не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)

Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)

Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.

Тәрбиеші сұрақтары.

Күздің қандай белгілерін білесіңдер?

Адамдар күзде не істейді?

Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?

Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?

Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап»
(қайың, көк терек)

Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»

Еңбек

Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.

Мақсаты:

— орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;

— экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Бәйге».

Мақсаты:

Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.

Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру

Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.

Халық болжамы:

Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.

Күз
Серуен №2
Күздің алғашқы белгілерін бақылау

Мақсаты:

Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;
Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев

Бір-біріне жер, аспан,
Мейірлене қарасқан.
Төкпей-шашпай тасып дән
Машиналар асыққан.
Ұстаз, шәкірт жүздескен,
«Қош келіпсіз күз» дескен.
Берекелі алтын күз,
Ұмытпаймыз салтын біз

Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.

Тәрбиеші сұрақтары.

Күздің қандай белгілерін білесіңдер?
Күзде ауа-райы қалай өзгереді?
Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?
Адамдар күзде не істейді?
Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?

Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап»
(қайың, көк терек)

Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»

Еңбек

Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.

Мақсаты:

- орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;
- экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.

Қимылды ойын «Қуып жет».

Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.

Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру

Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру

Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.

Күз
Серуен №3
Күн — жылу мен жарық көзі

Мақсаты:

күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;
ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;
— табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Психологиялық жаттығу:

«Күншуақ»

Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш,
жылу беретінін сезіну

*-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге
сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.*

Сұрақтар:

Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?

Күн не береді?

Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа
жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен
қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.

Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді,
сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті,
сондықтан оған тура қарай алмаймыз.

Сұрақтар:

◆ Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің?

Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?

Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою.
Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым:
ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.

Еңбек:

Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.

Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.

Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»

Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру

Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір»

Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру



Күз
Серуен №4

Аула тазалаушы еңбегін бақылау

Мақсаты: -күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,
-аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу

Бақылау барысы:

Көркемсөз

*«Тиме бізге керекпіз»-
Деп тұрғандай жарыса.
Жапырақты жұлып себепсіз,
Сындырмаймыз ағашты.
Күз келген соң амалсыз,
Жапырақтар түседі.
Жинап алып сыпырып,
Үй сыртына үйеміз,
Жапырақтар бақшаға,
Көң болады білеміз.*

Сұрақтар:

Аула тазалаушы не істейді?
Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет?
Аула тазалаушы күзде не жинайды?
Ол кімдер үшін қызмет етеді?

Зерттеу жұмысы:

Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.

Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу

Қ/О: «Қармақ»

Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу:

Жаттығу ойындары:

Жүкіру техникасын жақсарту

Мақсаты: қозғалыстарын дамыту

Мақал: «Еңбек етпеген ішін-жсемейді»

Күз Серуен №5

Саңырауқұлақтарды бақылау

Мақсаты: саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту

Бақылау барысы:

Жұмбақ: Басында әсем қалпағы,

Көлеңкені сүйеді

Орманда болған әр бала

Не екенін біледі (саңырауқұлақ)

Саңырауқұлақтар жануарларға да, өсімдіктерге де жатпайтын табиғаттың гажайып бір бөлігі. Оларды екпейміз, отырғызбаймыз. Бүгін кесіп алсаң, орнына ертең өзгесі өсіп шығады. Қайың, шырша, қарағай бар жердің бәрінде саңырауқұлақ болады. Орман шетінде, алаңқайда, сүрлеу жолдарда, орлар мен құлама жарларда да өсе береді. Олардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болады.

Сұрақтар:

- Қандай саңырауқұлақтарды білесіңдер? (ақ түсті саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, моховик, сыроежка, сморчок, қызғылт-сары түсті саңырауқұлақ, түлкішек — жеуге жарамды, жеуге жарамсыздар — арамқұлақ, мухомор.)

Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? (Жеуге жарамдыларды тамаққа пайдаланады, жарамсыздар улы болады)

◆ Саңырауқұлақтардан қандай тамақ дайындайды? (Саңырауқұлақ көжесі, тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады)

Еңбек:

Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу

Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу

Қ/О:

«Допты басқарушыға бер».

Мақсаты: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру

Жаттығу ойындары:

Қозғалысты дамыту.

Мақсаты: қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.

Халық болжамы: Жазда саңырауқұлақ көп болса, қыс қатты болады

Күз
Серуен №6
Арнайы көліктерді бақылау

Мақсаты:

Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;
Сөздік қорларын молайту.

Бақылау барысы:

Көркемсөз

. Үлкен болдым десем де,
Ешкім маған сенбейді.
«Жалғыз жүрме көшеде,
Кішкентайсың сен»-дейді.
Үлкенмін ғой міне мен,
Ойыншықтарды жинаймын.
Машинаға мінер ем,
Кабинаға сыймаймын.

Сұрақтар.

Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? (*«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.*)

Бұл машиналар не үшін керек? (*адамдарға көмектесу үшін.*)

Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (*зардап шеккендерге көмектесу үшін.*)

Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (*иә*)

◆ Неге? (*Олар адамдарға көмекке асығады.*)

◆ Оларды атаңдар. (*«Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .*)

Еңбек.

Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау

Мақсаты: Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.

Қ/О:

«Аюлар мен аралар», «Допты бер».

Мақсаты:

— гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу;

— допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру

Жаттығу ойындары:

Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.

Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.

Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ»

Күз
Серуен № 7
Гүл егілген клумбаны бақылау

Мақсаты:

өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;
кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;
Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция) таныстыру

Бақылау барысы:

Көркем сөз:

*Кешкілік пе, күндіз бе,
Өсіп тұрған гүлді үзбе.
Туған жерді далаға,
Тастай алмай жүрміз бе?
Жайнап өсіп далада,
Көздің жауын ала ма?
Бірде бірін жұлғызба,
Қасыңдағы балаға.*

Балаларға сұрақтар:

*Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?
Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?
Қандай гүлдер күзде гүлдейді?*

Зерттеу қызметі:

Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.

Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»

Еңбек. Гүлдер дәнін жинап алу.

Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.

Қ/О: «Мені ата».

Мақсаты: ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабілеттерін дамыту.

«Қояндар мен түлкі».

Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту

Жаттығу ойындары: Бір-біріне доп лақтыру

Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту

Мақал-мәтел: Қыз өссе елдің көркі,

Гүл өссе жердің көркі.

Күз
Серуен №8
Ағаштарды бақылау

Мақсаты:

- күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;
- қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;
- ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);
туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.

Бақылау барысы:

Көркем сөз:

Үйеңкі, қайың, қарағаш,
Самырсын, емен, қарағай.
Өседі бәрі аралас,
Бақшада өскен баладай.
Қаулап өскен ағаштар
Жеміс-жидек сайда да.
Хош иіске елітіп
Тынып қалған айнала
Қамқоршы болшы орманға
Орманды бәрің қорғандар!

Сұраққа жаап беріңдер:

- ◆ Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?
- ◆ Қайың діңі қандай? (*ақ қара дақтармен.*)
- ◆ Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (*діңі, тамыры, бұтағы*)
- ◆ Ағашқа тамыр не үшін керек?

Күзде қайың жапырағының түсі қандай? (*сары.*)

Жазда қандай еді? (*жасыл.*) (*терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі*)

Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (*қайың*)

Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».

Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу

Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау
(айырмашылықтарын атау)

Қ/О: «Қасқыр қақпан»

Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу

Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту

Мақсаты: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру

Тыйым сөздер:

Ағашты кеспе

Ағаш бұтағын сындырма

Ағаш жапыраған жұлма

Күз
Серуен №9
Емдік шөптерді бақылау

Мақсаты:

- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;
Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру

Бақылау барысы:

Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:

-- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?

◆ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? (онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)

◆ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)

◆ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар; итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).

Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй)

Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).

Шәйқурайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..

-- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады. Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.

Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:

Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;

Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;

Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;;

Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.

Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.

Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау

Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.

Қ/О: «Қасқыр қақпан»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу

Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу

Мақсаты; ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу

Күз
Серуен №10
Күз көрністерін бақылау

Мақсаты:

Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз «КҮЗ» Қ. Ыдырысов

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.
Жап-жасыл тал мынау,
Сары шапан киіпті-ау
Айнала тұнжырап,
Қабағын аспан түйіпті-ау.

Тәрбиеші сұрақтары:

Қазір жылдың қай мезгілі?
Неге күз деп ойлайсыңдар?
Күзде ауа-райы қандай болады?
Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?

Зерттеу жұмысы

Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)

Еңбек

Ойын алаңын тазалау

Мақсаты:

Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;
Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.

Қ/О:

«Ормандағы сокпақтар».

Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.

Жеке жұмыс:

Жалпы дамыту жаттығулары

Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,

Халық болжамы: Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.

Күз
Серуен №11
Тастарды бақылау

Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.

Бақылау барысы

Балаларға сұрақтар.

◆ Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?

◆ Өлі табиғатқа нелер жатады?

- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)

Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)

Қатты тастарды атаңдар?

Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\

Неге? (ол жұмсақ, жұғады)

Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)

Көмір не үшін керек? (отынға)

Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)

◆ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)

Зерттеу жұмысы

Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды)

Еңбек

Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.

Мақсаты:

Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;

Шығармашылық қиялын дамыту.

Қ/О «Ұшты-ұшты».

Мақсаты:

Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;

Жаттығу ойындары

Қозғалысты дамыту.

Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру

Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «**Күзгі табиғат**»

Мақал-мәтел Асыл тастан шығады,

Ақыл жастан шығады.

Күз
Серуен №12
Жапырақтардың түсуін бақылау

Мақсаты:

- табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;
- бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз

Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев

Алтын сары, қызыл, көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Күн шуақта маужырап,

Жатыр еді атырап.

Ағаштардан жамырап,

Үшты кенет жапырақ.

Тәрбиеші сұрақтары.

Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?

Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?

Күздің келуімен олар қалай өзгерді?

Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)

Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)

Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады?
(қайыңда)

Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады,
сұрақтар қояды, өленді қайталайды

◆ Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)

◆ Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)

Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)

Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.

Еңбек

Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.

Қ/О: «Түлкі мен қояндар».

Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу

Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту.

Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.

Күз Серуен №13

Гүлзарды бақылау

Мақсаты:

Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;
Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).

Бақылау барысы

Көркем сөз

- Кешкілік пе, күндіз бе,
Өсіп тұрған гүлді үзбе.
Туған жерді далаға,
Тастай алмай жүрміз бе?
Жайнап өсіп далада,
Көздің жауын ала ма?
Бірде бірін жұлғызба,
Қасыңдағы балаға.

Тәрбиеші сұрақтары:

- ◆ Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды?
- Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?
- Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?
- Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?
- Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?
- Гүлдерді жұлуға бола ма?

Зерттеу жұмысы:

Гүлдерді салыстыру (гүлдердің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).

Еңбек Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу

Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.

Қ/О: «Құстар қалай ұшады?».

Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру

Жаттығу ойындары Доппен жаттығу

Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру

Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.

Күз Серуен №14

Ұшып кететін құстарды бақылау

Цели: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;
Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.

Бақылау барысы

Көркем сөз

Қайтқан құсты көрдің бе?
Қаптай ұшқан әуелеп.
Күткен күзім келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.
Жаз қызығы өтті енді,
Құстар қайтып кетті енді.
Қол бұлғап қоштасамыз,
Төбеден құстар өткенде

Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:

Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)

Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтындар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)

Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)

Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсындар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндіктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)

Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)

Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)

Еңбек:

Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау

Мақсаты: құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу

Қ/О: «Аққу-қаздар».

Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту

Жаттығу ойындары

Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру

Мақсаты: қозғалыс белсенділіктерін дамыту

Күз
Серуен №15
Желді бақылау

Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.

Бақылау барысы

Жұмбақ:

Аяғы жоқ ұшады,
Аузы жоқ ән салады.
Кездескен жеңіл нәрсені
Аспанға ұшырады (жел)

Сұрақтар:

- ◆ Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)
- ◆ Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады? (күшті және әлсіз)
- ◆ Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.)
- ◆ Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?

Зерттеу жұмысы

Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)

Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.)

Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? (компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)

Еңбек Алаңды тазалау

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.

Қ/О: «Жел».

Мақсаты: - табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету

Жаттығу ойындары: Доппен жаттығу

Мақсаты: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру

**Күз
Серуен №16**

Үйеңкі ағашын бақылау

Мақсаты: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту
(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)

Бақылау барысы:

Көркем сөз

Күзде жауын. Бұлт. Тұман.

Судыр-судыр жапырақ.

Сары жапырақ жауады.

Сары құйын ұйтқыған,

Тапталады табанға,

Судыр-судыр жапырақ

*Өрттей сары бояуға,
Малынгандай атырап.*

Балаларға сұрақтар:

Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?

Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі? (өзен жағалауында.)

◆ үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер? (қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал).

◆ Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? (бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)

Зерттеу жұмысы Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру. Айырмашылығы қандай?

Еңбек: Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.

Мақсаты: еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру

Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар».

Мақсаты:

*әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге
ептіліктерін дамыту.*

Жаттығу ойындары Секіргіш жіппен секіру.

Мақсаты: екі аяқпен бірдей секіруге жаттықтыру.

Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.

Күз
Серуен №17
Жүк көліктерін бақылау

Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.

Бақылау барысы

Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді.

Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.

Балаларға сұрақтар.

- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?

Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? (*әртүрлі жүктерді тасу үшін.*)

Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? (*жүк таситын көліктерге.*)

Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? (*жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар, кемелер.*)

◆ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? (*жасыл.*)

Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? (*жүргізуші, шофер*)

Бағдаршамның неше түсі бар? (*Үш: қызыл, сары, жасыл.*)

Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді?

Еңбек

Түскен жапырақтарды жинау.

Мақсаты:

-- *Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;*

ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Тоқта--жүгір».

Мақсаты:

белгі бойынша әрекет етуге үйрету;

— *ептіліктерін дамыту.*

Жаттығу ойындары: Бөрене үстімен жүру.

Мақсаты: тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.

Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»

Күз Серуен №18

Терек ағашын бақылау

Мақсаты: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту

Бақылау барысы:

Көркем сөз

*Көк орманда тау таза, бой таза, Мұнда таңның қоңыр салқын лебі бар
Көк орманда адам таза, ой таза Көк орманда әнші құстар елі бар.
Орман өзін күнде таза ұстайды, Издесеңдер қандай ағаш керегін-
Көк орманда шаң бұрқырап Бәрі, бәрі осы орманнан табылар.
ұшпайды.*

Д/О: «Мен көрсеткен жапырағы бойынша ағашын тап»

Балаларға сұрақтар:

- Бұл қай ағаш деп ойлайсындар?

Терек ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?

Терек ағашы қай жерлерде жиі өседі?(барлық жерде: саябақтарда, көшелерде, аулаларда.)

◆ Терек ағашының қандай ерекшелігі бар?(олардың салпыншақ гүлдері бар, көктемде олардың қауыздарынан ақ ұлпа ұшады, жерді қар басқандай болады, балаларға оны өртеп ойнауға болмайды-өте қауіпті).

◆ Терек ағашы адамдарға не береді? (эфир майы, қышқылдар бар. Медицинада, халық емшілігінде қолданады)

***Зерттеу жұмысы** Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру. Айырмашылығы қандай?*

Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек,

Терек егу керек»

***Еңбек:** Құмсалғыштағы құмға су себу.*

Мақсаты: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу.

***Қ/О:** «Допты капитанға бер».*

Мақсаты:

— доппен ойын кезінде әртүрлі қозғалыстарды қолдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Жаттығу ойындары

Екі-екіден колоннаға тұру.

Мақсаты: мүсіндерінің дұрыс жетілуін қалыптастыру.

Күз Серуен №19

Торғайларды бақылау

Мақсаты: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;
— күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.

Бақылау барысы:

Көркемсөз

Қалатындай қиқылдап,
«Шиық, шиық» еттің шиқылдап
Шашып берген жемімді
Жейсің сонша қиқымдап,
Қорқақсың-ау, қорқақсың,
Еңбек десе шорқақсың.

Әдетіңді білемін,
Дайын асқа ортақсың
Торғай, торғай торғайым,
Сені әркез қорғаймын
Қыстың қамын жаз ойлап,
Бәріне де бол дайын!

Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.

Торғай қандай болып көрінеді? (*Бұл кішкентай пысық құс.*)

Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)

Ал қанаты мен құйрығы қандай? (*құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген*)

Ал басының түсі қандай? (*Сұр*)

Торғайлар қайда өмір сүреді? (*қалада және ауылда.*)

Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (*адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.*)

Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (*подъездің немесе балконның күнқағарларына.*)

Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (*Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)

Күзде торғайлар немен қоректенеді? (*өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды*)

Еңбек

Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.

Мақсаты:

Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;

Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қ/О: «Құстардың ұшуы».

Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.

Жаттығу ойындары: «Жалауды құлатпа»

Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру

Күз Серуен №20

Көгершіндерді (кептерлер) бақылау

Мақсаты:

Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;
Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.

Бақылау барысы

Көркем сөз:

Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін,

Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін

Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады,

Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады.

Қандай құстар алаңға келіп қонады?

Олар қайда тіршілік етеді?

Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?

Оларды кім қоректендіреді?

Көгершіндер қайда мекендейді?

Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.

Зерттеу қызметі

Кептер мен торғайды салыстыру

Еңбек:

Балабақша аумағына жем салғыш ілу

Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.

Қимылды ойын:

«Ұшады, с екіреді, жүзеді».

Мақсаты:

— балаларды жүкіруге үйрету;

.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау

Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат».

Мақсаты:

Допты нысанаға лақтыру;

Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.

Халық болжамы:

құс жүнін үрпитсе, жауын болады;

жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;

құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.

Күз Серуен №21

Емен ағашын бақылау

Мақсаты: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру, ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.

Бақылау барысы

Көркем сөз

Білмейтіні жоқ елдің-

Дейді әжесім

Қабығында еменнің

Қасиеті бар дәрілік.

Өзім де ішіп көргенмін

Ішектің емі-қашаннан

Қайнатындысы Еменнің

Қабығынан жасалған.

Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.

Емендер көбіне қайда өседі? (орманда.)

Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (қалада.)

Қалада тағы қандай ағаштар өседі?

Ағаштар қалаға не үшін керек? (ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)

Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (күз айларында.)

Ағаш жапырақтары неге түседі? (ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)

Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)

Зерттеу жұмысы

Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру

Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту

Еңбек

Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау

Цель: ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.

Қ/О: «Аққу-қаздар».

Мақсаты: берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру

Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру.

Мақсаты: барынша биік секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру

Мақал-мәтел

Аяламасаң ағаш та аспандап өспес

Орман ел дәулеті, жер сәулеті.

Күз
Серуен №22
Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау

Мақсаты:

Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)

Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды).

Бақылау барысы

Көркем сөз А. Сәрсеков

*Күзгі ауланың талдары
Желмен басын шайқайды
Дәурен өтіп жаздағы
Күздің желі соғады
Бейне тентек баладай
Ойран-асыр салады
Алма бағын жағалай
Алмаларын қағады*

*Кейде құйын өтеді
Тозаңдатып жан-жақты
Кейде құйын кетеді
Доп қылып ап жапырақты*

Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін

Балаларға сұрақтар:

Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (Күміс күз.)

Неліктен?

Жұмбақ шешу:

Қар да емес, мұз да емес,
Ағаштар күміс жамылған (қырау)

Еңбек: Ауладағы қоқыстарды жинау.

Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу.

Қ/О: «Бәйге»

Мақсаты:

Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;
Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.

Жаттығу ойындары: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.

Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу

Халық болжамы:

*Түнде қырау түссе, күндіз қар жаамайды
Ағашты қырау басса аяз болады.*

Күз
Серуен №23

Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау

Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).

Бақылау барысы

Көркем сөз С. Оспанов

Өсе бере сан гасыр

Болып таудың түр-сәні

Жапырағы жап-жасыл

Көрдің бе сен, шыршаны?

Шыршаларға тимек кім

Қорғалады орманы

Ол жеміс пен жидектің,

Топырақтың қорғаны.

Балаларға сұрақтар:

Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (*қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.*)

Ал, бұлар қандай ағаштар? (*тіккенекті, жапырақты.*)

Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?

Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (*діңі, бұтағы, тамыры*)

Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?

Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?

Еңбек:

Ойын алаңын тазалау.

Мақсаты: жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету.

Қ/О:

«Жұбынды қуып жет».

Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру

Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру

Мақсаты:

Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру

Мақал-мәтел.

Жалғыз ағаш орман болмас

Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.

Күз
Серуен №24
Торғайларды бақылау

Мақсаты:

Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;
Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;
— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Көркем сөз Ж. Смақов

Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды

Қорғамаса болмайды Ұя бұзған оңбайды.

Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді

Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды.

Балалармен әңгімелесу:.

Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)

Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар?
(қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)

Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)

Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)

Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)

Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.

Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)

Еңбек

Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау

Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру

Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!»

Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.

Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір».

Мақсаты:

Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;

Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.

Күз
Серуен №25

Жаяу адамдарды бақылау

Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.

Бақылау барысы

Көркем сөз

Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!

Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.

◆ Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)

Жүргенде жолдың оң жағымен, өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.

◆ Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?

- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.

Еңбек

Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;

Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. .

Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

Қ/О: «Бағдаршам».

Мақсаты:

бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту

- ептіліктерін дамыту.

Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.

Күз
Серуен № 26
Итті бақылау
Мақсаты:

Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.

Бақылау барысы

Көркем сөз

Ей, адамдар, адамдар!

Айналаға қараңдар,

Зардап шегіп жатпасын,

Аш үйіңнің қақпасын,

Жануарлар қорғансыз,

Далада қалып қоймасын.

Балаларға сұрақтар.

Иттің тұратын орны қалай аталады?

Иттің сүйікті тамағы не?

Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?

Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды?

Иттердің жақсы

өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді.

Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.

Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамандар, оларға қамқор болындар!

Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.

Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.

Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».

Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.

Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты:

Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;

Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.

Тыйым сөз: *Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.*

Күз
Серуен № 27
Суды бақылау

Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.

Бақылау барысы.

Балаларға сұрақтар.

Судың қандай қасиеттерін білесіңдер?

Судың көлемі (қалпы) бола ма?

Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?

Суды аязға шығарса не болады?

Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.

Зерттеу жұмысы.

Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.

Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою.

Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады.

Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі.

Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады).

Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау.

Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.

Еңбек:

Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.

Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.

Қ/О: «Қасқыр қақпан»

Мақсаты:

Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру;

Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.

Жаттығу ойындары: Еңбектеу.

Мақсаты:

Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту;

Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.

Күз
Серуен № 28

Алғашқы қарды бақылау

Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну.

Бақылау барысы.

Көркем сөз «Алғашқы қар» *Қ. Ыбыраев*

Бейне ақ бұлт қоныпты,

Аулаға қар толыпты.

Атам аңға шығатын,

Нағыз сонар болыпты.

Інім тұрып ертерек:

«Бір – ақ түнде қарашы,

Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді)

Тәрбиеші сұрақтары:

Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (*екі – үш күн*)

Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (*ылғал*)

Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (*түнде*)

Зерттеу жұмысы:

Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау.

Екі қарды салыстыру.

Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау.

Әлі қар ерімеген жерді табу.

Еңбек:

Ағаш түптерін қармен жабу.

Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту.

Қимылды ойын:

«Бір, екі, үш - тез жүгір!»

Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту.

Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір».

Мақсаты:

Белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру;

Затты нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау.

Халық болжамы:

Қарашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс,

Үш күн жатса – үш ай қыс болады.